

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы ауданының білім бөлімінің» ММ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

2025 жылғы 11 маусым

Бадамша а.

Талдаудың мәні:

- 1) Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы;
- 2) Мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) Мемлекеттік қызмет көрсету;
- 4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) Бақылау функцияларын іске асыру;
- 6) Бөлімнің ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Талдауды жүргізу мерзімі: 2025 жылғы 11 маусым

Талдауды жүргізу кезеңі: 2025 жылдың 1 жыл

Талданатын нысан туралы мәлімет:

Мекенжайы: Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы, Бадамша ауылы, Цибульчик көшесі №2.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы ауданының білім бөлімі» ММ Ақтөбе облысының білім басқармасының құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Ақтөбе облысының білім басқармасының құзыретіне жататын функцияларды, жоспарлы құжаттарды, нормативтік-құқықтық актілерді орындауға, мемлекеттік органның жоспарлы құжаттарында көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге, мемлекеттік қызметтер көрсетуге бағытталған іске асыру функцияларын жүзеге асыру бөлімнің негізгі міндеті болып табылады.

Бөлім өз қызметі мен өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарына, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, облыс әкімдігінің қаулыларына, облыс әкімінің шешімдеріне, «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ Ережесіне, басқарма басшысының бұйрықтарына, Басқарманың ішкі еңбек тәртіп ережелеріне сәйкес жүзеге асырады.

- 1) **Персоналды басқару соның ішінде кадрлардың ауысуы:**

Бөлімде барлығы штат саны 28 қызметкерді құрайды.

- 1)1 **Қарғалы ауданының білім бөлімінің әкімшілік қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

Бөлімнің құрылымы:

- бөлім басшысы - 1
- сектор меңгерушісі-1
- бас маман-2

2025 жылдың 4 ай жағдайы бойынша бөлімде кадрлардың ауысуы болған

Көрсетілген кезеңде қызметтік этика қағидаларын бұзуына, мемлекеттік қызметте Қазақстан Республикасының заңдарына белгіленген шектеулерді сақтамауы түріндегі тәртіптік теріс қылық жасалмаған.

Негіздеме: талдау көрсеткендей, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін лауазымды тұлғалардың жауаптылыққа тартылу фактілері орын алған жоқ.

Жұмыс тобының қорытындылары:

Бөлімінің персоналды басқару қызметі тиісті дәрежеде жүргізіліп отыр. Дегенмен, бөлім қызметкерлерінің қызметтік этика қағидаларын, мемлекеттік қызметтегі шектеулер мен атқарушылық тәртіпті қатаң сақтау мақсатында тиісті дәрежедегі ақпараттық оқуларды өткізу тәжірибесін әрі қарай жетілдіру қажет.

1)2 Қарғалы ауданының білім бөлімінің Әдістемелік кабинетінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Әдістемелік кабинеттің штат саны 6 қызметкерді құрайды бос орын – жоқ.

Бөлімнің құрылымы:

- бөлім меңгерушісі- 1
- әдіскерлер – 5

Көрсетілген кезеңде қызметтік этика қағидаларын бұзуына, мемлекеттік қызметте Қазақстан Республикасының заңдарына белгіленген шектеулерді сақтамауы түріндегі тәртіптік теріс қылық жасалмаған.

Негіздеме: талдау көрсеткендей, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін лауазымды тұлғалардың жауаптылыққа тартылу фактілері орын алған жоқ.

Жұмыс тобының қорытындылары:

Білім бөлімнің әдістемелік кабинеттің жұмысы тиісті дәрежеде жүргізіліп отыр.

1)3 «Орталықтандырылған бухгалтерия» құрылымдық бөлімшесінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

1. «Орталықтандырылған бухгалтерия» құрылымдық бөлімшесінің штат саны 14,5 қызметкерді құрайды, бос орын ОБ Бөлімше басшысы – 1 бірлік

Бөлімнің құрылымы:

2. ОБ Бөлімше басшысы – 1 бірлік
3. Бөлімше басшысының орынбасары - 1 бірлік
4. Экономикалық және стратегиялық жоспарлау секторының меңгерушісі – 1 бірлік
5. Экономикалық және стратегиялық жоспарлау секторының есепшісі – 1 бірлік
6. Салық есебі, төлемдердің есебі және төлеу секторының меңгерушісі- 1 бірлік

7. Салық есебі, төлемдердің есебі және төлеу секторының есепшілері - 4 бірлік
8. Есеп және тауарлық-материалдық құндылықтарымен қамтамасыз ету, материалдық жабдықтау және мемлекеттік сатып алу секторының меңгерушісі - 1 бірлік
9. Есеп және тауарлық-материалдық құндылықтарымен қамтамасыз ету, материалдық жабдықтау және мемлекеттік сатып алу секторының есепшісі - 3,5 бірлік

Негіздеме: талдау көрсеткендей, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін лауазымды тұлғалардың жауаптылыққа тартылу фактілері орын алған жоқ.

Жұмыс тобының қорытындылары:

Бөлімде персоналды басқару қызметі тиісті дәрежеде жүргізіліп отыр. Дегенмен, қызметкерлерінің қызметтік этика қағидаларын, мемлекеттік қызметтегі шектеулер мен атқарушылық тәртіпті қатаң сақтау мақсатында тиісті дәрежедегі ақпараттық оқуларды өткізу тәжірибесін әрі қарай жетілдіру қажет.

2) **Мүдделер қақтығысын реттеу:** Талдау барысында мемлекеттік қызметте мүдделер қақтығысының фактілері анықталған жоқ.

3) **Мемлекеттік қызмет көрсету:**

Талдау барысында анықталғаны: Білім және ғылым министрлігімен жасалған стандартқа сәйкес, бөлімде және мектепте 21 мемлекеттік қызмет талаптарына сәйкес көрсетіледі.

1. Қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтама беру
2. Жетім балаға (жетім балаларға) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға (балаларға) қамқоршылық немесе қорғаншылық белгілеу
3. Кәмелетке толмаған балалардың мүлкіне иелік ету және кәмелетке толмаған балаларға мұра ресімдеу үшін анықтамалар беру
4. Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (6 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою
5. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау
6. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау
7. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау
8. Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау
9. Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және кейін үйлеріне тегін тасымалдау
10. Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін тамақтандыруды ұсыну

11. Аз қамтылған отбасылардағы балалардың қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру

12. Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру

13. Қамқоршыларға немесе қорғаншыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап-бағуға жәрдемақы тағайындау

14. Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру

15. Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке алу

16. Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемді тағайындау

17. Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру

18. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау

19. Балаға кері әсер етпейтін ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналарға баламен кездесуіне рұқсат беру

20. Баланы (балаларды) қабылдаушы отбасына тәрбиелеуге беру және оларды асырауға ақшалай қаражат төлеуді тағайындау

21. Он жасқа толған баланың пікірін есепке алу туралы қорғаншылар мен қамқоршылар органдарының шешімін беру

Аталған стандарттар мен регламенттер білім бөлімінің сайтында орналасқан.

Мемлекеттік қызметтерді көрсетудің ең заманауи әдісі болып оларды электронды форматқа ауыстыру табылады.

Жұмыс тобының қорытындылары мен ұсынымдары:

Талдау басқарудағы жұмыс тиісті деңгейде жүргізілетінін көрсетті.

Аталған стандарттар мен регламенттер облыстық білім бөлімінің сайтында орналасқан.

Мемлекеттік қызметтерді көрсетудің ең заманауи әдісі болып оларды электронды форматқа ауыстыру табылады.

Бөлімнің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2025 жылға арналған іс шаралар жоспарын құрылып бекітілді.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес

бөлімге 1.04-2024-11.06.2025 аралығында – 50, заңды тұлғалардан өтініш келіп түскен.

Талдау жүргізу кезінде халық өз мәселелерін осы өтініштері арқылы шешетіндігі және оның артуы анықталып отыр.

Жұмыстың ең басты қағидаларының бірі – көмек сұрағандарға көмектесе отырып, бюрократиялық жазбаларды тоқтату.

«Сенім телефоны» іске қосылып, оған түскен шағымдар есебі жүргізілді.

Төрайымы: бөлім басшысы



Ж. Дуйсенова

Бас маман



Д.Сарсенбина